

Маңғыстау ауданы әкімиятының қаулысы

Шетпе селосы

№ 32

"14" ақпан

2005ж.

«Бузачи Нефть» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіне уақытша жер
пайдалану құқығын беру туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 35, 37 – баптарын, 43-ші баптың 7-тармағын, Қазақстан Республикасының энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің 2001 жылғы 2 қарашадағы «Жер қойнауын пайдалану операциясын жүргізуге арналған келісім шартты мемлекеттік тіркеу туралы» №792 Актісін және мемлекеттік жер - ғылыми өндірістік орталығы Маңғыстау еншілес кәсіпорнының ұсынған жерге орналастыру жобасын негізге алып, Маңғыстау ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көмірсутегі шикізатын (мұнай) өндіру үшін Қаламқас бағытындағы босалқы жердегі төмендегі жер бөліктерінің өтеулі пайдалану құқығы «Бузачи Нефть» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 22 жылға берілсін.

- «Каратурн Морской» кен орны - 616,3 га
- «Каратурн Восточный» кен орны - 275,4 га
- барлығы - 891,7 га

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі «Жер учаскелері меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» №890 қаулысына сай жылдық төлем жер салығы ставкасының 120 % шегінде белгіленсін.

3. Аудан әкімиятының осы қаулысын бекіту облыс әкімиятынан сұралсын.

Аудан әкімі



Ә.Төлегенов